

Исх. № 8260 от 28.02.2022

**Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы іс-қимыл агенттігі  
(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)**



ANTI KOR

**№ 4 ҮББ «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ  
ОҒАН ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ» ЖОБАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША  
НҰСҚАУЛАР  
(ПИЛОТТЫҚ НҰСҚА)**

**Нұр-Сұлтан, 2022**

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
№ 1 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» жобалар тобы.....	4-9
№ 2 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою» жобалар тобы.....	10-16
№ 3 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту» жобалар тобы.....	16-25
№ 4 «Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» жобалық тобы.....	25-30

## Кіріспе

Жобаны басқару – бұл, ең алдымен, лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін көрсетуде, нақты нәтижелерге қол жеткізуде, сондай-ақ формализмнен алшақтауда көрініс тапқан институционалдық реформалардың маңызды кезеңі.

Жобалық басқаруды іске қосу Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларымен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 мамырдағы № 358 қаулысымен бекітілген) реттеледі, оған сәйкес салалық қызмет бөлігіндегі жобаларды қоспағанда, барлық мемлекеттік органдар орындау үшін Үлгілік базалық бағыттардың (бұдан әрі - ҮББ) алты блогы айқындалды.

Агенттікке «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» атты төртінші блогы (бұдан әрі – № 4 ҮББ) бекітілді.

№ 4 ҮББ шеңберінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор жұмысын ұйымдастырудың сапасын арттыруға мүмкіндіктер ашылуда.

Бұған бірқатар іс-шараларды қамтитын нақты көрсеткіштері бар Агенттіктің осы күнге дейін кейбір мемлекеттік органдарда формальды түрде жүргізіліп келе жатқан жобалары арқылы қол жеткізуге болады.

Осыған байланысты, № 4 ҮББ жобаларын іске асыру қол жеткізілген индикаторлық мәндерді көрсету кезінде «Easy Project» жобаларды басқарудың ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ЖБАЖ) бірінші басшылардың, аппарат басшысының немесе бірінші басшының орынбасарларының деңгейінен төмен емес, қол қойылған растаушы құжаттарды қоса бере отырып, міндеттерді орындауды талап етеді.

Жобаның ерекшеліктеріне байланысты растайтын құжаттар әртүрлі болуы мүмкін: бұйрықтар, жоспарлар, хаттар, қызметтік жазбалар, анықтамалар және басқасы.

## **№ 1 ЖОБАЛАР ТОБЫ** **«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ»**

**КРІ 1: СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ БАРЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ТАЛДАУМЕН ҚАМТЫЛҒАН БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ ҮЛЕСІ (%)**. (ОМО-дағы бөлімшелер: ОМО-ның орталық аппараты және оның өңірлік бөлімшелері. ЖАО-лардың бөлімшелері: әкім аппараты және облыстық басқармалар)

**1 Жоба:** Ұйымдастырушылық іс-шараларды өткізу.

Бұл жоба сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша ішкі талдау жүргізу тәртібін белгілейді (сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша ішкі талдау жүргізу туралы шешім қабылдау, талдауды жүргізуге жауапты тұлғаларды анықтау және басқа да ұйымдастырушылық-техникалық мәселелер).

**1 - міндет.** Мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл функцияларын жүзеге асыратын жауапты тұлғаларды айқындау.

**2 - міндет.** ОМО және ЖАО-ларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың графигін құру.

**3 - міндет.** Облыс/республикалық маңызы бар қала әкімі аппаратының, орталық мемлекеттік орган басшысының бұйрығымен графикті мен 4-ҮББ орындауға жауапты тұлғаларды бекіту.

**4 - міндет.** Мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындыларының жиынтық таулдауды дайындау және ЖБАЖ-не жүктеумен аяқталатын есеп беру ақпаратын қалыптастыру.

**Мақсаты:** мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу, сонымен қатар бақылау және оларды мониторингтеу туралы шешім қабылдау.

**Орындаушылар:** ОМО-ның орталық аппараты және республикалық деңгейдегі облыс/қала әкімінің аппараты.

**Орындау фактісі:** мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың графигін және 4-ҮББ орындауға жауапты тұлғаларды бекіту туралы бұйрықты, сонымен бірге ЖАО/ОМО-ның барлық бөлімшелеріндегі анықталған және жойылған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін көрсете отырып, жалпы талдамалық анықтаманы ЖБАЖ-ға салу.

**2 Жоба:** Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, олардың туындауына себеп болатын жағдайлар мен себептерді анықтау және барынша азайту сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйесінің негізгі буыны болып айқындалды.

Осыған байланысты, мемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын болдырмау мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау (ішкі және сыртқы) сияқты сыбайлас жемқорлықты алдын алу институттары көзделген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жасалатын талдау сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға әкеп соғатын себептер мен жағдайларды анықтауды және зерделеуді білдіреді.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жасалатын ішкі талдауды** құрылымдық бөлімше, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысы немесе оның шешімімен құрылатын жұмыс тобы анықтайтын лауазымды тұлға (лауазымды тұлғалар) жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жасалатын ішкі талдаудың нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің интернет-ресурсында жарияланады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың нәтижелерінің қоғамдық талқылауы, оның ішінде арнайы мемлекеттік органдардың және қоғамдық ұйымдарды қоспағанда, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілген субъектінің сыбайлас жемқорлық қарсы іс-қимыл жөніндегі алқалы, консультативті-кеңесші органдарының отырыстарында қамтамасыз етіледі.

**1 - міндет:** Қолданыстағы құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**2 - міндет:** Ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**3 - міндет:** Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**4 - міндет:** Мүдделер қақтығысымен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**5 - міндет:** Мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**6 - міндет:** Рұқсат етуші функцияларын жүзеге асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**7 - міндет:** Бақылау функцияларды жүзеге асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**8 - міндет:** Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі басқа да мәселелерге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**9 - міндет:** Қаржы-шаруашылық қызметімен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**10 - міндет:** Жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді анықтау.

**Міндеттердің мақсаты:** сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілетін ішкі талдаулардың сапасын арттыру.

**Орындаушылар:** ОМО-ның орталық аппараты, облыс/республикалық маңызы бар қала әкімнің аппараты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл функцияларын жүзеге асыратын жауапты тұлғалар.

**Ескертпе:** жоғарыда көрсетілген – міндеттерді шешу үшін, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасы 2021 жылы 7 сәуірде бекіткен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу әдістемелік ұсынымдарды, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын басшылыққа алу қажет (осы Нұсқаның Қосымшасын қараңыз).

**Орындау фактісі:** ішкі талдау субъектісі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғаннан кейін талдамалық анықтамамен қоса, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар жоспары ЖБАЖ-ға жүктеуді қамтамасыз етеді (талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде ұсынылады).

**Ескертпе:** 9-міндетті іске асыру шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізгенге дейін, соңғы 3 жылдағы аудиторлық есептерді, қорытындыларды салу талап етіледі.

\*\*\*

## **КРІ 2: БІР НҚА-НЫҢ ЖОБАСЫНДА АНЫҚТАЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ САНЫ** (бірі)

**3 жоба:** НҚА жобаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту.

НҚА жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау құралдарының бірі болып табылады.

2020 жылғы қарашада Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша НҚА жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама қалпына келтірілді.

«Нормативтік құқытық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу қағидалары» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 шілдедегі № 451 қаулысымен бекітілді.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2020 жылғы 19 тамыздағы № 268 бұйрығымен Нормативтік құқықтық актілер жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманың мақсаты нормативтік құқықтық актінің жобасында сыбайлас жемқорлық құқықтық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды анықтау және сыбайлас жемқорлыққа шалдыққан анықталған нормаларды жоюға бағытталған ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

**1 - міндет:** НҚА жобаларын сапалы әзірлеу және оларды әзірлеу барасында сыбайлас жемқорлық факторларына жол бермеуді.

**2 - міндет:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми-сараптама нәтижелері бойынша НҚА жобаларында анықталған сыбайлас жемқорлық факторларының санын мониторингтеу.

**Мақсаты:** Мемлекеттік органдардың НҚА жобаларын сапалы әзірлеуді қамтамасыз етуге және сыбайлас жемқорлық факторлеріне жол бермеуге.

**Орындаушылар:** орталық аппаратың заң қызметі, ОМО/облыс/республикалық маңызы бар қала әкімі аппаратының сыбайлас жемқорлық жауапты тұлғалары.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамадан өткен НҚА жобаларының саны бойынша мәліметтерді, оларда анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін көрсете отырып, анықтаманы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптаманың нәтижелері туралы сарапшылардың қорытындыларын енгізу.

**КРІ 3: ӨЗГЕ ЛАУАЗЫМҒА ТАҒАЙЫНДАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ҚАРАЛМАҒАН БАСШЫЛАРДЫҢ САНЫ** (бірлік)

**4 Жоба:** Бағыныстылардың сыбайлас жемқорлыққа құқық бұзушылықтары үшін басшылардың жауапкершілігіне мониторинг жүргізу.

2019 жылғы 28 қарашадағы Мемлекет басшысы мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілігін көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойған.

Бұл түзетулер мемлекеттік органдардағы жеке және ұжымдық тәртіпті жақсартуға бағытталған, сондай-ақ «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 43, 60-баптарында, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 22-бабының 1-1-тармағында бекітілген.

Осылайша, мемлекеттік саяси қызметшілерге тікелей қарамағындағы адамдар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған жағдайда қызметінен кетуге міндетті.

Саяси мемлекеттік қызметші өтініш беруі керек соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгеннен кейін немесе қылмыстық іс тоқтатылғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде бас тартуға өзінің тікелей бағыныштысына қарсы түзелмейтін негіздер бойынша.

Тікелей бағынышты тұлғалар:

- ОМО басшысы үшін – бұл оның орынбасарлары, аппарат басшысы, аймақтық бөлімшелердің басшылары;

- облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі үшін - оның орынбасарлары, аппарат басшысы, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі;

- ОМО басшысының орынбасарлары үшін – өзі жетекшілік ететін бөлімдердің немесе дербес құрылымдық бөлімшелердің басшылары;

- облыс әкімінің орынбасарлары үшін - өзі жетекшілік ететін, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшылары;

- аудан әкімі үшін - оның орынбасарлары, аппарат басшысы, жетекшілік ететін аудандық атқарушы органдардың басшылары, ауыл, қала, ауылдық округ әкімдері.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңға сәйкес мемлекеттік қызметшіні лауазымға тағайындаған лауазымды тұлғаға отставкаға кету туралы өтініш беріледі. Отставканы қабылдау немесе қабылдамау саяси қызметкерді лауазымға тағайындаған тұлғаның құқығы болып табылады.

Барлық басқа басшыларға қатысты «А» және «Б» корпусының саяси емес, мемлекеттік әкімшілік қызметшілері өздерінің тікелей қарамағындағылар сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған жағдайда тәртіптік жауапкершілік көзделген.



**1 - міндет:** Өзге лауазымға тағайындалуына байланысты жауапкершілігі (қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық үшін) қаралмаған басшыларды мониторингтеу және анықтау.

**Мақсаты:** бағынышты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық үшін басшылардың жауапкершілігі институтының құқық қолдану практикасын бағалау.

**Орындаушылар:** ОМО орталық аппараты, облыс/республикалық маңызы бар қала әкімінің аппараты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға жауапты тұлғалар, кадр қызметі.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не атқаратын лауазымынан босату туралы бұйрықтар (өкімдер) және оның қарамағындағы адамға сотқа тергеп-тексеру, сот талқылауын жүргізу кезінде қайта тағайындалғаның растайтың өзге де құжаттар енгізу.

**Ескертпе:** фактілер болмаған жағдайда ЖБАЖ-не құжаттарды енгізу талап етілмейді.

\*\*\*

#### **КРІ 4: БҰРЫН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАҒАН АНЫҚТАЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНЫ**

**5 Жоба:** Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа орналастыру фактілерін анықтау.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 681 бабына сәйкес мемлекеттік органдар, мекемелер мен кәсіпорындар басшысының не ұлттық компаниялар, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық даму институттары, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдары басшысының бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдауды бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**1 - міндет:** Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұза отырып жұмысқа қабылданған қызметкерлерді анықтау.

**Мақсаты:** Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды қабылдау фактілерін анықтау.

**Орындаушылар:** ОМО орталық аппараты, облыс/республикалық маңызы бар қала әкімінің аппараты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл функцияларын орындауға жауапты адамдар, кадр қызметі.

**Орындау фактісі:** бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған қызметкерлердің тізімін ЖБАЖ-не сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылық жасалғанын растайтын құжаттармен бірге енгізілсін.

**Ескертпе:** фактілер болмаған кезде, құжаттарды ЖБАЖ-не енгізу талап етілмейді.

## **№ 2 ЖОБАЛАР ТОБЫ: «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ЖОЮ»**

### **КРІ 1: СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ ІШКІ ТАЛДАУ КЕЗІНДЕ АНЫҚТАЛҒАН ТӘУЕКЕЛДЕР САНЫНАН ЖОЙЫЛҒАН ТӘУЕКЕЛДЕР ҮЛЕСІ (%)**

**1-Жоба:** Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою.

**1 - міндет:** Қолданыстағы құқықтық актілерде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою.

**2 - міндет:** Ішкі құжаттарда анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою.

**3 - міндет:** Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою.

**4 - міндет:** Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою.

**5 - міндет:** Мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою.

**6 - міндет:** Рұқсат беру функцияларын жүзеге асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою.

**7 - міндет:** Бақылау функцияларын жүзеге асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою.

**8 - міндет:** Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою.

**9 - міндет:** Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою.

**- міндетлардың мақсаты:** 1-9 - міндет бойынша анықталған тәуекелдер санынан жойылған тәуекелдер үлесін анықтау.

**Орындаушылар:** ОМО орталық аппараты және облыс/республикалық маңызы бар қала әкімінің аппараты, сондай-ақ мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жауапты тұлғалар.

**Орындау фактісі:** бірінші басшы қол қойған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтаманы және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар

Жоспарын ЖБАЖ-не енгізу, 1-9 міндеттер бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін санынан жойылған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің үлесін көрсету.

**10 - міндет:** Анықталған жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізіліміне енгізу бойынша ұсыныстарды ЦДИАӨМ-не жолдау.

**Мақсаты:** жасырын мемлекеттік қызметтерді белгілеу және Тізілімге енгізу.

**Орындаушылар:** ОМО орталық аппараты және облыс/республикалық маңызы бар қала әкімінің аппараты, сондай-ақ мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жауапты тұлғалар.

**Орындау фактісі:** ЦДИАӨМ-не жолданған хатты ЖБАЖ-не енгізу.

**11 - міндет:** Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін ашық интернет-ресурстарда жариялау.

**Мақсаты:** сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жариялау.

**Орындаушылар:** ОМО орталық аппараты және облыс/республикалық маңызы бар қала әкімінің аппараты, сондай-ақ мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жауапты тұлғалар.

**Орындау фактісі:** сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жариялауға сілтемені ЖБАЖ-не тіркеу.

**12 - міндет:** Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін қоғамдық талқылау, оның ішінде алқалы, консультативтік-кеңесші органдардың отырыстарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша (сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия, қоғамдық кеңестер және басқа да қоғамдық алаңдар).

**Мақсаты:** мемлекеттік органның ашықтығын, айқындығын және есептілігін, қамтамасыз ету және жұртшылықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға тарту.

**Орындаушылар:** ОМО орталық аппараты және облыс/республикалық маңызы бар қала әкімінің аппараты, сондай-ақ мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жауапты тұлғалар.

**Орындау фактісі:** сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау хаттамасын, бұқаралық ақпарат құралдарында өткізілген талқылаулар бойынша жарияланымға сілтемелерді ЖБАЖ-не қоса жүктеу.

**КРІ 2: НҚА ҚАБЫЛДАҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САРАПТАМА НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША АНЫҚТАЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫН ЖОЮ ЖӨНІНДЕГІ САРАПШЫЛАР ҰСЫНЫМДАРДЫҢ ҮЛЕСІ (%)**

**2 Жоба:** НҚА жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық факторларын жою бойынша сарапшылардың ұсынымдарын енгізу.

**1 - міндет:** НҚА жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық факторларын жою бойынша сарапшылардың ұсынымдарын енгізу.

**Мақсаты:** мемлекеттік органдардың жұмысын күшейтуге ынталандыру НҚА жобаларын әзірлеу кезінде сыбайлас жемқорлық факторларына жол бермеу.

**Орындаушылар:** ОМО орталық аппараты және облыс/республикалық маңызы бар қала әкімінің аппараты

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не келесі ақпаратты көрсететін анықтаманы енгізу:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамадан өткен НҚА жобаларының саны;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамадан өткендердің ішінен қабылданған НҚА актілердің саны;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамадан өткендердің ішінен қабылданбау себептерін көрсете отырып, қабылданбаған НҚА-дің саны;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама нәтижелері бойынша қабылданған НҚА-ға енгізілген ұсынымдардың жалпы саны.

\*\*\*

**КРІ 3: СЫРТҚЫ ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН СЫРТҚЫ ТАЛДАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ЕНГІЗІЛГЕН ОРЫНДАЛҒАН ҰСЫНЫМДАРДЫҢ ҮЛЕСІ (%)**

**3 Жоба:** Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша Агенттіктің ұсынымдарын орындау.

**1 - міндет:** Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша енгізілген Агенттіктің ұсынымдарын орындау бойынша шаралар қабылдау.

**Мақсаты:** мемлекеттік органдар және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою.

**Орындаушылар:** мемлекеттік орган мен оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшылығы.

**Орындау фактісі:** сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдар (бұдан әрі - СЖТСТ) саны және бірінші басшы қол қойған орындалған ұсынымдар саны туралы мәліметтерді көрсете отырып, ЖБАЖ-не анықтама енгізу. СЖТСТ қорытындысы бойынша енгізілген Агенттіктің ұсынымдарын орындау жөніндегі іс-шаралар Жоспарын ЖБАЖ-не енгізу.

\*\*\*

#### **4 КРІ: НҚА ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ-БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАУҒА ЫҚПАЛ ЕТКЕН ЖОЙЫЛҒАН МӘН-ЖАЙЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ (%)**

**4 Жоба:** ҚР ҚІЖК 200-бабының тәртібінде енгізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің ұсынысында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық және басқа да заң бұзушылықтарды жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою.

**1 - міндет:** Қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою бойынша шаралар қабылдау.

**Мақсаты:** қылмыстық құқық бұзушылық жасауға және басқа да заң бұзушылықтарға ықпал ететін мән-жайларды жою. Бұл көрсеткіш мемлекеттік органның және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметімен байланысты мән-жайларды жою ғана ескеріледі (мысалы, нормативтік құқықтық актілер мен ішкі құжаттардығы олқылықтарды, ақпараттық жүйелердегі кемшіліктерді және мемлекеттік орган мен оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының жұмысындағы өзге де олқылықтарды жоюды).

**Орындаушылар:** мемлекеттік органдар.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті ұсынуға сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайлардың санын және олардан жойылған мән-жайлардың үлесі (санын) көрсете отырып, бірінші басшы қол қойған анықтама енгізу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің ұсынысын енгізу.

\*\*\*

**5 КРІ: БАҒЫНЫСТЫЛАРДЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫ ҮШІН ТӘРТІПТІК ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ЖАТАТЫН БАСШЫЛАР САНЫНАН ТӘРТІПТІК ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ТАРТЫЛҒАН БАСШЫЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ** (оның ішінде саяси лауазымды тұлғалардың) (%)

**5 Жоба:** Тікелей бағыныштылардың (оның ішінде саяси лауазымды тұлғалар) сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін басшыларды жауапкершілікке тарту.

**1-- міндет:** Бағыныштылардың (оның ішінде саяси лауазымды тұлғалар) сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін басшыларды, тәртіптік жауапкершілікке тарту.

**Мақсаты:** басшыларды, оның ішінде саяси қызметшілерді қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жауапқа тарту.

**Орындаушылар:** ОМО орталық аппараты және облыс/республикалық маңызы бар қала әкімінің аппараты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға жауапты тұлғалар, кадр қызметі.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа жататын басшылардың саны және олардың ішінен қаралған фактілердің саны көрсетілген, бірінші басшы қол қойған анықтама енгізілсін. Тәртіптік комиссия отырыстарының хаттамаларын, жауапкершілікке тарту немесе жұмыстан босату туралы бұйрықтарды, сондай-ақ жұмыстан босату туралы бұйрықтырды, сондай ақ отставкаға шығу туралы арыздары (саяси қызметкерлер үшін) енгізіледі.

\*\*\*

**6 КРІ: БҰРЫН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАҒАН АНЫҚТАЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫНАН ЖҰМЫСТАН ШЫҒАРЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҮЛЕСІ** (заңнамаға өзгерістер енгізілгеннен кейін) (%)

**6 Жоба:** Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдау фактілерін жою.

**1 - міндет:** Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұза отырып жұмысқа қабылданған қызметкерлерді жұмыстан шығару.

**Мақсаты:** бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адамдарды қабылдау фактілеріне жол бермеу.

**Орындаушылар:** ОМО орталық аппараты және облыс/республикалық маңызы бар қала әкімінің аппараты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға жауапты тұлғалар, кадр қызметі.

**Орындалу фактісі:** ЖБАЖ-не бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған анықталған қызметкерлердің санын және олардан босатылған қызметкерлердің санын көрсете отырып, бірінші басшы қол қойған, анықтама енгізу. Жұмыстан босату туралы бұйрықтарды енгізу.

**Ескертпе:** фактілер болмаған жағдайда, ЖБАЖ-не құжаттарды енгізу талап етілмейді.

\*\*\*

## **КРІ 7: ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖАСАУ ФАКТІЛЕРІН МОНИТОРИНГТЕУ (бірлік)**

**7 Жоба:** Әкімшілік және қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау фактілерінің мониторингі.

**1 - міндет:** Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау фактілерінің мониторингі.

**2 - міндет:** Қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау фактілерінің мониторингі.

**3 - міндет:** Мемлекеттік қызметке кір келтіретін құқық бұзушылықтар жасау фактілерінің мониторингі.

**Мақсаты:** әкімшілік және қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды, сондай-ақ мемлекеттік қызметке кір келтіретін құқық бұзушылықтарды жасау фактілері бойынша мониторинг жүргізу.

**Орындаушылар:** ОМО орталық аппараты және облыс/республикалық маңызы бар қала әкімінің аппараты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға жауапты тұлғалар, кадр қызметі.

**Орындау фактісі:** әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және мемлекеттік қызметке кір келтіретін құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалардың тізімін (жасалған күнін, баптарын, жауапкершілік түрі мен шараларын және басқа да деректерді көрсете отырып) ЖБАЖ-не енгізу.

**Ескертпе:** фактілер болмаған жағдайда, ЖБАЖ-не құжаттарды енгізу талап етілмейді.

\*\*\*

## **КРІ 8: СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТТЫ ЕНГІЗУ**

**8 Жоба:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты енгізу  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар – қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды жұртшылықтың қатысуымен мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері әзірлейді және олар заңнаманы әзірлеу кезінде және құқық қолдану практикасында ескеріледі.

**1 - міндет:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты енгізу/жаңарту және пайдалану.

**Мақсаты:** сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу.

**Орындаушылар:** ОМО орталық аппараты және облыс/республикалық маңызы бар қала әкімінің аппараты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға жауапты тұлғалар.

**Орындау фактісі:** мемлекеттік органның бірінші басшысы бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты ЖБАЖ-не енгізу.

\*\*\*

### **№ 3 ЖОБАЛАР ТОБЫ: «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ НЫҒАЙТУ»**

#### **КРІ 1: СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН ТӨМЕНДЕТУГЕ ЖЕКЕ ҮЛЕС ҚОСУҒА ДАЙЫН АЗАМАТТАРДЫҢ ҮЛЕСІ**

**1 Жоба:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Заңның (бұдан әрі - Заң) 9-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте, ақпараттық қызмет түсіндіру жұмыстарын жүргізу, оның ішінде оны БАҚ-та сүйемелдеу арқылы іске асырылады.



Осы бағыттағы жұмыс нәтижелері бойынша сандық және сапалық көрсеткіштер азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қатынасын көрсететін бағаны қалыптастырады.

**1 - міндет:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормалары аясында өңір тұрғындары арасында ай сайынғы түсіндірме шараларын өткізу.

**Мақсаты:** азаматтарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қолданыстағы шаралары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жөніндегі бағдарламалық құжаттар (*жоспарлар, баяндамалар, жол карталары және басқалар*), сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың новеллалары, әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері, сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша статистиканы ұсыну, мемлекеттік органдардың азаматтар алдында есеп беруін, ашықтығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету тетіктері туралы хабардар ету.

**Форматы:** онлайн және оффлайн семинарлар, құқықтық көмек, айына 1 реттен кем емес кезеңділікпен пікірталас алаңдары.

**Аудитория:** өңір тұрғындары.

**Орындаушылар:** облыс/республикалық маңызы бар қаланың әкімі аппараты (*сыртқы құзіретті спикерлерді немесе Агенттік пен оның аумақтық бөлімшелері өкілдерін тарта отырып объекті басшылығы*).

**Орындау фактісі:** іс-шаралар санын және қатысушылардың қамтылуын көрсете отырып, объектінің ресми интернет-ресурсында және объектінің әлеуметтік желідегі ресми парақшаларындағы жарияланымдарға сілтеме жібере отырып, сондай-ақ сөз сөйлеу тезистері мен слайдтар ЖБАЖ-не анықтама енгізу.

**2 - міндет:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы 1 бейнеролик әзірлеу.

**Мақсаты:** тұрғындар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен құқықтық сауаттылық деңгейін көтеру.

**Орындаушылар:** облыс/республикалық маңызы бар қала әкімі аппараты (*ішкі саясат басқармалары, МӘТ шеңберінде ҮЕҰ*).

**Орындау фактісі:** Форматы республикалық телеарналарда трансляциялауға мүмкіндік беретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы сапалы бейнеролик әзірлеу (*парасаттылықтың жағымды үлгілері, сыбайлас жемқорлықтың жағымсыз салдары және т.б. жөніндегі әлеуметтік бейнероликтер (мысал: «Антикоррупционная служба РК» youtube арнасындағы «Парасаттылық» бөлімі*).

Бейнероликтің негізгі мақсаты – азаматтардың назарын болашақта салауатты қоғам құру үшін адал және әділ болу қажеттілігіне аудару. Бейнероликті әзірлеу кезінде өңірлік ерекшеліктер мен мәдени дәстүрлерге назар аудару ұсынылады.

Бейнероликті әкімдіктің ресми интернетресурстары мен әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларына орналастыру (*Facebook, Instagram және т.б.*).

**3 - міндет:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы 20 бейнероликті қоғамдық орындарда және өңірлік телевизияда көрсету.

**Мақсаты:** тұрғындар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен құқықтық сауаттылық деңгейін көтеру.

**Орындаушылар:** облыс/республикалық маңызы бар қала әкімінің аппараты.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не сілтемелер, скриншоттар, фото және т.б. көрсете отырып, бейнероликтерді трансляциялау туралы ақпаратпен анықтама енгізу.

**Ескерту:** бейнероликтерді «Антикоррупционная служба РК» youtube арнасының «Парасаттылық» бөлімінен көруге болады.

**4 - міндет:** Өңір жастары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері жөнінде ай сайынғы 2 шара өткізу.

**Мақсаты:** Жас ұрпақты еліміздің болашақ мұрагерлері ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыруға тарту. Жүзеге асырылып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты таныстыру арқылы кез келген бұзушылықтарды, әсіресе сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтын қоғамды дамыту бойынша жастардың ұсыныстары мен көзқарастарын жинау және талқылау.

Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың бір бөлігіне айналуға тиіс.

**Орындаушылар:** облыс/республикалық маңызы бар қала әкімінің аппараты (*жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма*).

**Формат:** онлайн және оффлайн семинарлар, пікірталас алаңдары, «Саналы ұрпақ» және «Адал ұрпақ» студенттік және мектеп клубтарының слеттері, дебаттық турнирлер, TED X форматындағы кездесулер (*табыс формулаларының таныстырылымы*), әлеуметтік зерттеулер, зияткерлік конкурстар және басқалар.

**Аудитория:** мектеп, арнаулы орта және жоғарғы оқу орындарының оқушылары, олардың ата-аналары, объектінің оқытушылық-профессорлық құрамы.

**Орындау фактісі:** Іс-шаралар санын және қатысушылардың қамтылуын көрсете отырып, объектінің ресми интернет-ресурсында және әлеуметтік желідегі ресми парақшаларындағы жарияланымдарға сілтеме жасай отырып, кездесу қорытындысы бойынша хаттаманы ЖБАЖ-не енгізу.

**5 - міндет:** «Адалдық сағаты» акциясы аясында 1 бейне-дәріс әзірлеу, кейін өңірлік телеарналарда трансляциялау.

**Мақсаты:** ұлы тұлғалардың еңбектері арқылы өскелең ұрпаққа әділеттілік, парасаттылық және парасаттылық құндылықтарын сіңіру.

**Орындаушылар:** облыс/республикалық маңызы бар қала әкімінің аппараты (*ішкі саясат, білім басқармалары*).

**Орындау фактісі:** Форматы республикалық телеарналарда трансляциялауға мүмкіндік беретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы сапалы бейнеролик әзірлеу (*парасаттылықтың жағымды үлгілері, сыбайлас жемқорлықтың жағымсыз салдары және т.б. жөніндегі әлеуметтік бейнероликтер (мысал: «Антикоррупционная служба РК» youtube арнасындағы «Парасаттылық» бөлімі*).

Бейнероликті әкімдіктің ресми интернет-ресурстары мен әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларына орналастыру (*Facebook, Instagram және т.б.*).

**6 - міндет:** Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша өңірдегі мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қайраткерлермен, құрметті мемлекеттік қызметшілермен тоқсан сайынғы кездесулерін өткізу.

**Цель:** мемлекеттік қызметшілерді мемлекет пен халыққа адал қызмет етудің оң мысалдары туралы хабардар ету.

**Формат:** онлайн және офлайн семинарлар, пікірталас алаңдары.

Мемлекеттік қызметшілердің санын, нысаналы мемлекеттік органдарды әкім аппараты дербес айқындайды.

Бұл ретте халықпен тікелей байланысы бар мемлекеттік қызметшілер басым болып табылады.

**Аудитория:** мемлекеттік қызметшілер.

**Орындаушылар:** облыс/республикалық маңызы бар қала әкімі аппараты (*сыртқы спикерлерді тарта отырып объекті басшысы*).

**Орындау фактісі:** Объектінің ресми интернет-ресурсында және әлеуметтік желідегі ресми парақшаларындағы жарияланымдарға сілтемені көрсете отырып ЖБАЖ-не анықтама енгізу.

**7 - міндет:** Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша діни бірлестіктер мен түрлі этнос өкілдерімен тоқсан сайын түсіндіру кездесулерін және бірлескен іс-шаралар өткізу.

**Мақсаты:** қоғамда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына төзбеушілік қағидаттарын нығайту, Агенттікпен жүрігізіліп отырған

саясат туралы этностар мен діни бірлестіктер өкілдерінің хабардарлығын арттыру.

**Формат:** онлайн және офлайн семинарлар, пікірталас алаңдары (тоқсанына 1 реттен кем емес).

Кездесулер өтетін орын ретінде мешіттер, шіркеулер, дұға үйлері, Мәдениет үйлерін анықтау ұсынылады.

Кездесулер барысында сыбайлас жемқорлыққа теріс көзқарас және діни жазбаларды түсіндіру арқылы сенуші адам үшін күнәкар жол туралы ақпаратты жеткізу қажет.

**Аудитория:** діни бірлестіктер мен әр түрлі этнос өкілдері, өңір тұрғындары.

**Орындаушылар:** объект басшылығы мен оның ведомстволық бағынысты ұйымдары діни бірлестітер мен әр түрлі этнос өкілдерімен бірлесе (қажет болған жағдайда Агенттік пен оның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлерін тарта отырып).

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не объектінің ресми интернет-ресурсындағы және әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларындағы жарияланымдарға сілтеме көрсетілген анықтама енгізу.

\*\*\*

## **КРІ 2: БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫНДА, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫНДА, СОТ ТӨРЕЛІГІ АКАДЕМИЯСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ОҚУДАН ӨТКЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҮЛЕСІ.**

**2 жоба:** Мемлекеттік қызметшілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту.

**1 - міндет:** Мемлекеттік қызметшілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытуға жіберу.

**Мақсаты:** мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мәселелері бойынша біліктілігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

**Орындаушылар:** ОМО орталық аппараты, облыс/республикалық маңызы бар қала әкімінің аппараты.

**Орындалу фактісі:** сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мәселелері бойынша біліктілігін арттырудан өткен мемлекеттік қызметшілер туралы мәліметтерді (сертификаттарды) көрсете отырып, ЖБАЖ-не анықтама енгізу.

**2 - міндет:** Әдеп жөніндегі уәкілдердің қатысуымен мемлекеттік қызметшілер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ай сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізу.

**Мақсаты:** қатысушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру бойынша қолданыстағы бағдарламалық құжаттар (жоспарлар, баяндамалар, жол карталары және басқалары), сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың новеллалары, әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері, сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша статистиканы ұсыну, мемлекеттік органдардың азаматтар алдында есеп беруін, ашықтығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету тетіктері туралы хабардар ету.

**Форматы:** азаматтық қоғам өкілдерімен бірлесіп, онлайн және оффлайн семинарлар, пікірталас алаңдары.

**Аудитория:** мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері.

Аудиторияны және олардың санын Әдеп жөніндегі уәкіл әдеп пен сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша өтініштерді талдауды; мемлекеттік органға немесе оның қызметкерлеріне қатысты теріс Жарияланымдар тұрғысынан әлеуметтік желілерге мониторингті; сыбайлас жемқорлыққа ұшырайтын салаларды айқындайтын әлеуметтік сауалнама нәтижелерін негізге ала отырып айқындайды.

**Орындаушылар:** Объект басшылығы әдеп жөніндегі уәкілдердің немесе мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің өкілдерінің қатысуымен.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не объектінің ресми интернет-ресурсында және әлеуметтік желідегі ресми парақшасында жарияланымдарға сілтемелер жолдай отырып, өткізілген іс-шаралар туралы толық ақпараты бар анықтама, сондай-ақ кездесу қорытындысы бойынша хаттама (жылына, кемінде, 12 рет) енгізілсін.

### **КРІ 3: СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚҰРАУЫШТЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ИНТЕГРАЦИЯЛАУ**

**3 жоба:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрауышты орта білім беру мекемелерінің оқу бағдарламаларына интеграциялау.

Балалардың жас ерекшеліктеріне және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес, әділдік пен адалдықтың рухани-адамгершілік құндылықтарын, білімдері мен дағдыларын қалыптастыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрауышты әзірлеу және жалпы білім беру мекемелерінің (1-12 сыныптар) оқу бағдарламаларына енгізу.

Дидактикалық әдіс арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді және перспективті бағыты болып табылады.

**1 - міндет:** сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрауышты пәндерге енгізу.

**Мақсаты:** оқушыларға артық жүктемесіз, қолданыстағы мектеп пәндеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарды енгізу.

**Орындаушылар:** ҚР Білім және ғылым министрлігі.

**Орындау нысаны:** әртүрлі пәндер бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыбына және бұзушылықтардың басқа да түрлеріне, адалдық пен әділдікке арналған міндеттер мен тапсырмаларды көздеу қажет.

Әділеттілік, адалдық және құқық бұзушылықтарға нөлдік төзімділік сияқты адамгершілік құндылықтарды дамыту және тәрбиелеу үшін, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқулықтарда және оқу-әдістемелік кешендерде оларға оқыту міндеттері мен кейстерін міндетті түрде енгізе отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жаңарту.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрауыштар енгізілген оқу бағдарламалары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрауыш пәндеріне (сабақтарына) енгізілгені туралы анықтама енгізілсін.

#### **КРІ 4: МЕКЕМЕ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЖАЛПЫ САНЫНАН «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУДАН ӨТКЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ҮЛЕСІ**

**4 жоба:** Жоғары оқу орындарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие – бұл қоғамда, оның ішінде барлық деңгейдегі оқу орындарында оқу-тәрбие процесін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықты қабылдамауды қалыптастыру негізінде мақсатты ықпал ету.

**1 - міндет:** «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері» пәнін - міндетті пәндер тізбесіне енгізу.

**Мақсаты:** ЖОО-лардың бірінші курсына студенттерді академиялық адалдықты бұзу фактілеріне жол бермеу және болашақта сыбайлас жемқорлыққа қарсы мықты иммунитетті қалыптастыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетке үйрету.

Бүгінгі күні элективті болып табылады, нәтижесінде оның студенттер арасында төмен танымалдылығын көрсетеді.

**Орындаушылар:** ҚР Білім және ғылым министрлігі.

**Орындау фактісі:** міндетті тізбеге «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәнін енгізген ЖОО-лардың санын көрсете отырып, ЖБАЖ-не анықтама енгізу. Растау ретінде ЖОО

ректорларының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы бұйрықтары қоса беріліп отыр.

**2 - міндет:** Студенттерді «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәні бойынша оқыту.

**Мақсаты:** студенттерді адал білім алуға және әдеп бұзушылықтар, оның ішінде академиялық адалдықжауапкершілік туралы уақтылы ескертуге бағыттау үшін, мекеме студенттерінің жалпы санынан «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәні бойынша оқудан өткен студенттердің үлесін арттыру (2022 жылы – кемінде, 20%, бұдан әрі – жылдар бойынша мәнге сәйкес).

**Орындаушылар:** ҚР Білім және ғылым министрлігі.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не ЖОО бөлінісінде оқудан өткен студенттердің саны бойынша деректерді көрсете отырып анықтама енгізу, сондай-ақ ақпаратты ЖОО-лардың ресми интернет-ресурсында орналастыру.

## **КРІ 5: ЖАЛПЫ ОҚУ БІТІРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ САНЫНАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТАҚЫРЫП БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ БІТІРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҮЛЕСІ**

**5 жоба:** жоғары оқу орындарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті.

**1 - міндет:** Студенттердің дипломдық жұмыстары үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарды бекіту.

**Мақсаты:** дипломдық жұмыстардың көмегімен өз ұсыныстарын енгізу призмасы арқылы студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл мәселелеріне қызығушылығын арттыру (2022 жылы – кемінде, 10%, бұдан әрі – жылдар бойынша мәніне сәйкес).

**Орындаушылар:** ҚР Білім және ғылым министрлігі (Агенттіктің және оның аумақтық бөлімшелерінің өкілдерін сарапшылар ретінде тартуға болады).

**Орындау нысаны:** сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарды ЖОО-лардың дипломдық жұмыстары тақырыптарының тізіміне енгізу және оларды жыл сайын жаңғырту. Студенттерді елдегі сыбайлас жемқорлықты жоюға олардың жеке қатысу мүмкіндігі туралы үнемі хабардар етіп отыру қажет.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не ЖОО-лар бөлінісінде бекітілген тақырыптар саны көрсетілген анықтама енгізілсін, растау ретінде ЖОО-лар студенттерінің оқу бітіру жұмыстары үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарды бекіту туралы бұйрықтары қоса берілсін.

**2 - міндет:** Студенттер арасында дипломдық жұмыстарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарын бөлу.

**Мақсаты:** студенттерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша зерттеу жұмыстарына тікелей тарту, жоғары оқу орындарының ғылыми және академиялық әлеуетін ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу.

**Орындаушылар:** ҚР Білім және ғылым министрлігі.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не оқу бітіру жұмыстарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта дайындаған студенттер саны және салалары мен кәсіптерін студенттер зерделеген және оларға қатысты ұсынымдар әзірленген мемлекеттік органдарға жіберілген студенттердің бітіру жұмыстарының саны көрсетілген анықтама енгізілген.

**3 - міндет:** студенттердің дипломдық жұмыстарында ұсынылған ЖОО-лардың іске асырған бастамалары/жобаларының санын ұлғайту.

**Мақсаты:** сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша дипломдық жұмыстарды дайындауда формализмді және сыбайлас жемқорлықты жою үшін студенттердің сапалы ұсыныстарын іске асыру.

**Орындаушылар:** ҚР Білім және ғылым министрлігі (сарапшылар ретінде Агенттіктің және оның аумақтық бөлімшелерінің өкілдерін тартуға болады).

**Орындау нысаны:** сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін арттыру бойынша пысықталған ұсыныстар енгізілген сапалы оқу бітіру жұмыстарын сүйемелдеу. Бұл жұмысты жоғары оқу орындарының комплаенс-офицерлері мен Агенттік өкілдерін тарту арқылы жүзеге асыруға болады.

**Орындау фактісі:** іске асырылған бастамалардың/жобалардың саны көрсетілген растайтын құжаттары бар анықтаманы ЖБАЖ-не енгізілген.

**4 - міндет:** Академиялық адалдық лигасының қағидаттары мен талдау құралдарын енгізген жоғары оқу орындарының санын жоғары оқу орындарының жалпы санынан (студенттерді біліктілігі, бағалау медианасы, дәйексөз алу қағидалары, плагиатқа қарсы және т.б.) ұлғайту.

Мемлекет басшысы өз сөзінде академиялық адалдық қағидаттарын сақтаудың маңыздылығын бірнеше рет атап өтті, білім беру сапасының маңызды аспектісі академиялық адалдық мәдениетін дамыту болуы керек, сонымен қатар Білім министрлігі Академиялық адалдық лигасының мүшелері болып табылатын жоғары оқу орындарын қолдауға және дамытуға міндетті.

Жалпы, Лига нақты қағидаттар мен стандарттардың көмегімен білім беру сапасын арттыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктердің көмегімен оқыту сапасын жақсартуға бағытталған.



**Мақсаты:** жоғары оқу орындарының (соның ішінде жеке меншік) Академиялық адалдық Лигасына кіруі, оның құралдарын одан әрі дамыту және жетілдіру.

**Орындаушылар:** ҚР Білім және ғылым министрлігі.

**Орындау нысаны:** Лигаға кірген жоғары оқу орындарының дерекқорын жасау және үнемі жаңартып отыру. Бұл ретте, «КазГЮУ Университеті» осы бағдарламаның кураторы ретінде жоғары оқу орындары арасында Лигаға кіру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуі қажет. Жоғары оқу орындарына академиялық адалдық Лигасына кіргеннен кейін, өз бетінше қызмет тиімділігіне бағалау жүргізуге мүмкіндік беретін көрсеткіштердің БЖБ әзірлеу.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не Академиялық адалдық Лигасына кірген және осы Лиганың қағидаттары мен аналитикалық құралдарын енгізген ЖОО-лардың саны көрсетілген анықтама енгізу, <https://adaldyq.kz/> сайтында ақпарат орналастыруды қамтамасыз ету

## **КРІ 6: ISO 37001 НЕМЕСЕ ҚР СТ 3049-2017 СТАНДАРТЫНА СӘЙКЕСТІКТІ РАСТАҒАН ЖОО-ЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ**

**7 жоба:** жоғары оқу орындарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті.

**1 - міндет:** ISO 37001 стандартына немесе ҚР СТ 3049-2017 сәйкестігін растау.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар - мекемедегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрестің, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын барынша азайту мен жоюдың басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

ISO 37001 стандарты парақорлық фактілерінің алдын алу, анықтау және әрекет ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мақсатында әзірленген басқару жүйесінің талаптарын белгілейді және нұсқаулық болып табылады.

**Мақсаты:** барлық жоғары оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі жүйесін құру, өйткені олар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға төзімді болуға тиіс болашақ мамандардың ұстаханасы болып табылады (көрсетілген стандарттар бірдей, 2022 жылы – кемінде 10%, бұдан әрі – жылдар бойынша мәнге сәйкес).

**Орындаушылар:** ҚР Білім және ғылым министрлігі.

**Орындау формасы:** ISO 37001 «Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі» немесе ҚР СТ 3049-2017 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық».

Тиісті ішкі құжаттаманы әзірлеу, ұйымдастыру шараларын қабылдау. Жоғарыда көрсетілген стандарттар бойынша сәйкестікті растау жөніндегі органды шақыру.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не жоғарыда көрсетілген стандарттарға сәйкестік сертификаттарын енгізу (скан. құжаттардың нұсқалары).

## **№ 4 ЖОБАЛАР ТОБЫ: «КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ»**

### **КРІ 1: КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТИЛЕРІНДЕ ҚҰРЫЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҮЛЕСІ**

**1 Жоба:** Квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс институтын дамыту.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 16-бабының 3-тармағына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызметтердің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелер айқындалады, олардың негізгі міндеті тиісті ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

Бюджет Кодексінің 3-бабының 1-тармағы 31-тармақшасына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде мемлекет құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар.

**1 - міндет:** Ұйымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын әзірлеу және бекіту.

**Мақсаты:** Алқалық басқару органының, басшының бұйрығымен/шешімімен ұйымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын әзірлеу және бекіту.

**Форматы:** Осы бағытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың жалпы ережелері, мақсаты мен міндеттері, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шаралар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары, мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу тәртібі, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік шаралары жазылуға тиіс.

Мұндай бағдарламаны компанияға енгізу бизнес-тәуекелдерді азайтуға көмектеседі: сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың

алдын алу және ұйым мен оның лауазымды тұлғалары үшін, оның ішінде жауапкершілікке тарту түріндегі жағымсыз салдарларды болдырмау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы тексеру рәсімдерін жеңілдету және беделін нығайту.

**Орындаушылар:** Квазимемлекеттік сектор субъектілері.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не алқалы басқару органының, ұйым басшысының бұйрығымен/шешімімен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын енгізу.

**2 - міндет:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың ішкі Жоспарын әзірлеу және бекіту, сондай-ақ жыл сайын жаңарту.

**Мақсаты:** Алқалық басқару органының, басшының бұйрығымен/шешімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың ішкі жоспарын әзірлеу және бекіту.

**Форматы:** осы жоспарда нақты іс-шаралар, мерзімдер, жауапты қызметкерлер, күтілетін нәтижелер жазылуы тиіс.

**Орындаушылар:** Квазимемлекеттік сектор субъектілері.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не алқалы басқару органының, ұйым басшысының бұйрығымен/шешімімен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын енгізу.

**3 - міндет:** Ұйым қызметкерлері үшін олардың қызметінің ерекшелігін ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту, сондай-ақ жыл сайын жаңартып отыру (өзектендіру).

**Мақсаты:** Алқалық басқару органының, басшының бұйрығымен/шешімімен ұйым қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту.

**Форматы:** Осы нұсқаулықта ұйым қызметі саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі белгіленуі тиіс. Атап айтқанда, онда сыбайлас жемқорлық ахуалы туындаған жағдайда қызметкер үшін іс-қимыл алгоритмі жазылуға тиіс. Бұл оған пара беру, бопсалау, әріптестеріне қатысты белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпарат беру және т.б. қатысты.

**Орындаушылар:** Квазимемлекеттік сектор субъектілері.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не алқалы басқару органының, ұйым басшысының бұйрығымен/шешімімен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық енгізу.

**4 - міндет:** Ұйымдағы мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясатын әзірлеу және бекіту, сондай-ақ жыл сайын жаңарту (өзектілендіру).

**Мақсаты:** Алқалық басқару органының, басшының бұйрығымен/шешімімен ұйымдағы мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясатын әзірлеу және бекіту.

**Форматы:** Осы саясатта мүдделер қақтығысын реттеу жүйелері, олардың алдын алу және реттеу жөніндегі шаралар, сондай-ақ мүдделер қақтығысын басқару процесіне барлық қатысушылардың жауапкершілігі белгіленуі тиіс.

**Орындаушылар:** Квазимемлекеттік сектор субъектілері.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не алқалы басқару органының, ұйым басшысының бұйрығымен/шешімімен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатын енгізу.

**5 - міндет:** Барлық бөлімшелерді қамти отырып, жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу (№1 жобалар тобын, № 2 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу» жобасын қараңыз).

**Мақсаты:** сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою.

**Форматы:** «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 8-бабының 5-тармағын іске асыру мақсатында (квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды). Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

**Орындаушылар:** алқалы басқару органының, ұйым басшысының бұйрығына/шешіміне сәйкес құрылған Квазимемлекеттік сектор субъектісінің жұмыс тобы, қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен сарапшылар.

**Орындалу фактісі:** ЖБАЖ-не сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтама және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын енгізу.

**6 - міндет:** Барлық қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықпен таныстыру.

**Мақсаты:** Ұйым қызметкерлерін алқалық басқару органының бұйрығымен/шешімімен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықпен, жетекшімен таныстыру.

**Форматы:** Ұйымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық бекітілгеннен кейін 3 күн мерзімде барлық қызметкерлерді көрсетілген құжатпен таныстыру қажет.

Енді тағайындалаған қызметкерлерді, сол мерзімде таныстыру қажет.

**Орындаушылар:** Квазимемлекеттік сектор субъектілері.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығымен танысу туралы қызметкерлердің қолдарымен растайтын құжаттарды (электрондық немесе қағаз журнал) енгізу.

**7 - міндет:** Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар болып табылатын барлық қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауын қамтамасыз ету.

**Мақсаты:** Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар болып табылатын қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауы

**Форматы:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді жазбаша түрде қабылдау.

**Орындаушылар:** Квазимемлекеттік сектор субъектілері.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдай отырып, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар болып табылатын қызметкерлердің қолдары қойылған растайтын құжаттарды (электрондық немесе қағаз журнал) енгізу.

**8 - міндет:** Ұйымдағы мүдделер қақтығысы фактілерін жою

**Мақсаты:** Ұйымдағы мүдделер қақтығысын жою.

**Формат:** Ұйым қызметкерлерінің қызметіне мониторинг жүргізу және мүдделер қақтығысын анықталған жағдайда оларды жою.

**Орындаушылар:** Квазимемлекеттік сектор субъектілері.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не ұйымдағы мүдделер қақтығысын жою фактілері туралы анықтама, қызметтік жазбалар енгізу.

Ескертпе: фактілер болмаған кезде, құжаттарды ЖБАЖ-ға (Жобалық басқарудың ақпараттық жүйесіне) енгізу талап етілмейді.

**9 - міндет:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша ұйым қызметкерлері үшін ай сайынғы (12) түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізу (бірл.).

**Мақсаты:** Қатысушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру бойынша қолданыстағы бағдарламалық құжаттарымен (жоспарлар, баяндамалар, жол карталары және басқалар), сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың жаңашылдықтарымен, әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерімен, сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша статистиканы ұсыну, мемлекеттік органдардың халық алдында есеп беруін, ашықтығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету тетіктері туралы ақпараттандыру.

**Форматы:** Онлайн және офлайн семинарлар, басқа органдармен және азаматтық қоғам өкілдерімен бірлесіп пікірталас алаңдары.

**Орындаушылар:** Комплаенс-офицерлер (сыртқы құзыретті спикерлерді тартуға болады).

**Орындалу фактісі:** ЖБАЖ-не өткізілген іс-шаралар бойынша толық ақпараты бар анықтама (оның ішінде қатысушылардың санын көрсету), объектінің ресми интернет-ресурсында және әлеуметтік желідегі ресми парақшасындағы жарияланымдарға сілтемелерді көрсету, сондай-ақ кездесу қорытындысы бойынша хаттама салу.

**10 - міндет:** Ұйымда сыбайлас жемқорлық және өзге де бұзушылықтар туралы хабарлау.

**Мақсаты:** Ұйым қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға "нөлдік" төзімділік қағидатын қалыптастыру.

**Орындаушылар:** Квазимемлекеттік сектор субъектілері.

**Орындау фактісі:** ЖБАЖ-не ұйымдағы сыбайлас жемқорлық және өзге де бұзушылықтар фактілері туралы анықтаманы (журнал, тізілім) енгізу.

Ескертпе: Фактілер болмаған жағдайда, ЖБАЖ-не құжаттарды енгізу талап етілмейді.

\*\*\*

## **КРІ 2: ISO 37001 НЕМЕСЕ ҚР СТ 3049-2017 СТАНДАРТЫНА СӘЙКЕСТІГІН РАСТАҒАН ҰЙЫМДАРДЫҢ ҮЛЕСІ**

**2 Жоба:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты енгізу.

**1 - міндет:** ҚР СТ 3049-2017 немесе ISO 37001 стандартына сәйкестігін растау.

**Мақсаты:** Ұйымда ҚР СТ 3049-2017 немесе ISO 37001 стандартын енгізу.

**Форматы:** ҚР СТ 3049-2017 немесе ISO 37001 халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын енгізу және сәйкестігін растау бойынша жұмыстарды жүргізу.

**Орындаушылар:** Квазимемлекеттік сектор субъектілері.

**Орындалу фактісі:** ЖБАЖ-не сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды енгізу туралы анықтаманы, ҚР СТ 3049-2017 немесе ISO 37001 стандартына сәйкестік туралы сертификатты енгізу.

**2 - міндет:** ҚР СТ 3049-2017 немесе ISO 37001 стандартына қызметкерлердің 20% - ын оқыту.

**Мақсаты:** ҚР СТ 3049-2017 немесе ISO 37001 сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына оқыту.

**Форматы:** ҚР СТ 3049-2017 немесе ISO 37001 халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына оқыту бойынша жұмыстар жүргізу.

**Орындаушылар:** Квазимемлекеттік сектор субъектілері.

**Орындалу фактісі:** ЖБАЖ-не **ҚР СТ 3049-2017 немесе ISO 37001 стандартын** оқытуды өткізу туралы анықтаманы және оқудан өткені туралы сертификатты енгізу.